

Жангелдин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының келісімімен Жангелдин ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жангелдин ауданының аумағында сайлау учаскелері құрылсын.

2. "Жангелдин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жіберу;

2) осы шешімді Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Д. Бидашев

КЕЛІСІЛДІ

Жангелдин аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

Е. Жақып

Жангелдин ауданы әкімінің 2026 жылғы "___" маусымдағы № ____ "Жангелдин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне келісу парағы

Жангелдин ауданы әкімінің
орынбасары

Р. Халық
Жангелдин ауданы әкімінің
орынбасары

Е. Алматов
Жангелдин ауданы әкімінің
орынбасары

Г. Ұзаққызы
Жангелдин ауданы әкімі
аппаратының басшысы

"Жангелдин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдастыру-бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Б.Қаби

"Жангелдин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтер мониторингі, ақпараттық технологиялар және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы

Т. Искакова

Жангелдин ауданы әкімінің

2026 жылғы 19 маусымдағы

№ 3 шешіміне

қосымша

Жангелдин ауданының аумағындағы сайлау учаскелері

1. № 289 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Саға ауылы, Міржақып Дулатов көшесі 14, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Мыржақып Дулатов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Саға ауылы.

2. № 290 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Ошағанды ауылы, Ошағанды көшесі, 1 ғимараты.

Шекаралары: Ошағанды ауылы.

3. № 291 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Бидайық ауылы, Бейбітшілік көшесі 8, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Бидайық бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Бидайық ауылы.

3. № 292 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Милісай ауылы, Жастар көшесі 10, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Сырбай Мәуленов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Милісай ауылы.

4. № 293 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Шилі ауылы, Бестау көшесі 14, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Қайнекей Жармағанбетов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шилі ауылы.

5. № 294 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Сужарған ауылы, Астана көшесі 12, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Қанапия Қайдосов

атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Сужарған ауылы.

6. № 295 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Шеген ауылы, Хамза Нарымбаев көшесі 33, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шеген ауылы.

7. № 298 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Ақшығанақ ауылы, Тәуелсіздік көшесі 4, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Қаражан Топаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Ақшығанақ ауылы.

8. № 300 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Ақкөл ауылы, Кенжеғали Сағадиев көшесі 1, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аңсаған Қоңқабаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Ақкөл ауылы.

9. № 303 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Ахмет Байтұрсынұлы ауылы, Тәуелсіздік көшесі 7А, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Ахмет Байтұрсынұлы ауылы.

10. № 304 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Торғай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 14, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Н.Г.Иванов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Торғай ауылы, Әліби Жангелдин, Міржақып Дулатов, Кейкі Батыр, Қайырбек Алматов, Мұханбетжан Дүзенов, Ыбырай Алтынсарин, Болат Хамзин көшелері.

11. № 306 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Торғай ауылы, Қанапия Қайдосов көшесі 6, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Шоқан

Уәлиханов атындағы Торғай жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Торғай ауылы, Ахмет Байтұрсынов, Кенжеғали Сағадиев, Қоғабай Сәрсекеев, Хакімбек Токин, Энергетик, Қойшығара Салғарин, Ғафу Қайырбеков, Қанапия Қайдосов көшелері.

12. № 307 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Торғай ауылы, Кайнекей көшесі 7, Жангелдин ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Торғай ауылы, Абай, Ақмырза, Сырбай Мауленов, Кайнекей, Кеңшілік Мырзабеков, Нұрхан Ақын, Амангелді, Қ. Алтынсары, Құлжановтар көшелері.

13. № 308 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Торғай ауылы, Токтабаев көшесі 1, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Торғай ауылы, Токтабаев, Жақан Қосабаев, Қаражан Топаев, Омар Тынымов, Бақытжан Байқадамов, Ерман Мусин, Дәбен Бөкішев, Дәмолла Кәтен, Мырзағали Жангелов, Айса Нұрманов, Қыпшақ Сейтқұл көшелері.

14. № 309 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Қалам-Қарасу ауылы, Әмірғали Душатов көшесі 14, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Ғафу Қайырбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Қалам-Қарасу ауылы.

15. 310 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Шұбалаң ауылы, Шұбалаң көшесі 28, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Шұбалаң негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Шұбалаң ауылы.

16. № 311 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Аралбай ауылы, Тәуелсіздік көшесі 2, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Жангелдин жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Аралбай ауылы.

17. № 312 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Көкалат ауылы, Қыпшақ Сейтқұл көшесі 4, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Көкалат ауылы.

18. № 313 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Көлқамыс ауылы, Көлқамыс көшесі 46, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Айсә Нұрманов атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Көлқамыс ауылы.

19. № 314 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Тәуіш ауылы, Таңатқан Дүйсекеев көшесі 1А, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Қаратүбек жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Тәуіш ауылы.

20. № 316 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Сарысу ауылы, Сарысу көшесі 29, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданы білім бөлімінің Сарысу негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Сарысу ауылы.

21. № 317 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Тоқанай ауылы, Тоқанай көшесі, 13 ғимараты.

Шекаралары: Тоқанай ауылы.

22. № 867 сайлау учаскесі

Учаскенің орналасқан жері: Қайнекей көшесі 27, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Жангелдин ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің балансындағы ғимарат.

Шекаралары: Торғай ауылы, Әйтiм Қожмұханбетов, Сейт Кенжеахметов, Айғожин Аяжан, Сапабек Жүнісов, Нарынбаевых көшелері.